

Алматы қаласына сапар туралы есеп
АР26103509 «Қазақстандағы сыртқы көші-қонның гендерлік
аспектісі және мигранттардың бейімделуі» жобасы бойынша гранттық
қаржыландыру аясында
Гранттық жобаны іске асыру аясында халықаралық ғылыми
дөңгелек үстелге қатысу.

2025 жылғы 9–12 желтоқсан аралығында кіші ғылыми қызметкер Жангабулова Ж.М. АР26103509 «Қазақстандағы сыртқы көші-қонның гендерлік аспектісі және мигранттардың бейімделуі» жобасы бойынша гранттық қаржыландыру аясында Алматы қаласына ғылыми іссапармен барды.

Іссапардың негізгі мақсаты жобаны іске асыру үшін қажетті эмпирикалық материалдарды жинау және талдауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болды. Сонымен қатар, іссапардың ғылыми бағдарламасы аясында «Тұран» университетіне сапар



ұйымдастырылып, онда Құқық жоғары мектебі қоғамның тұрақты дамуының өзекті мәселелеріне:

заңдар мен адам құқықтарына арналған халықаралық дөңгелек үстел өткізді. Аталған іс-шараға Қазақстан, Ресей және Қырғызстанның әртүрлі жоғары оқу орындарынан академиялық қауымдастық өкілдері, зерттеушілер мен студенттер қатысты.



Дөңгелек үстел барысында кіші ғылыми қызметкер Жангабулова Ж.М. «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Мухиядин Ж.Ж. бірге «Modern Trends in Migration and Protection of Migrants' Rights: International and National Context» тақырыбында ғылыми мақала әзірлеп, ұсынды. Дәріс белсенді ғылыми пікірталас тудырып, көші-қон процестерін реттеудің қазіргі халықаралық және ұлттық тәсілдерін, сондай-ақ мигранттардың құқықтық қорғалу мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді.



Іс-шараға қатысу ғылыми тәжірибе алмасуға, академиялық ынтымақтастықты кеңейтуге және болашақ бірлескен зерттеулер перспективаларын талқылауға ықпал етті. Іссапар барысында алынған ғылыми



материалдар, сараптамалық пікірлер және талқылау нәтижелері гранттық жобаны әрі қарай жүзеге асыруда, ғылыми жарияланымдар мен монографияны дайындауда, сондай-ақ зерттелетін тақырып бойынша аналитикалық қорытындылар жасау кезінде қолданылатын болады.

Халықаралық дөңгелек үстелді өткізгеннен кейін халықаралық стандартты кітап нөмірі (ISBN) берілетін ғылыми материалдар жинағын жариялау жоспарлануда, оған іс-шара қатысушыларының ұсынған ғылыми мақаласы кіретін болады.

Халықаралық дөңгелек үстелге қатысқандығы үшін қатысушы сертификаты мен алғыс хат берілді.



ЕСЕП

қызметтік іссапар нәтижелері туралы

Зерттеу жобасының мүшесі AP26103509 «Қазақстандағы сыртқы көші-қонның гендерлік аспектісі және мигранттардың бейімделуі» жобасы бойынша 2025 жылғы 10–12 желтоқсан аралығында к.э.н., доцент Абдикаримова А.Т. қызметтік іссапармен Астана қаласына барды.

Іссапардың мақсаты – көші-қон процестері мен көші-қонның гендерлік аспектілерін зерттеуде еуропалық әріптестердің тәжірибесін зерделеу, Erasmus+ жобаларын талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы әйел мигранттардың бейімделу мәселелері бойынша эмпирикалық және статистикалық деректерді жинау болды.

Іссапардың барысы мен нәтижелері

2025 жылғы 10 желтоқсан

Астана қаласына келу және қонақүйге орналастыру жүзеге асырылды. Сағат 10:00–15:00 аралығында Erasmus+ ұлттық ақпараттық күніне қатысу болды, оның аясында еуропалық әріптестер мен Қазақстан университеттері өкілдерімен кездесулер өткізілді. Кездесулер барысында әйел мигранттарды қоса алу мәселелері, көші-қон процестерін реттеу бойынша еуропалық тәжірибе және осал топтарды қолдау мәселелері талқыланды.

16:00–18:00 аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының диссертациялар залында жұмыс жүргізілді. Социология, демография және экономика салалары бойынша соңғы 5–10 жылда Қазақстанда қорғалған диссертациялық зерттеулер (PhD, кандидаттық) қаралды, олардың тақырыбы көші-қон процестеріне



арналған. Зерттелетін тақырыптың ғылыми дамуының алдын ала бағасы жасалды, жарияланбаған және қолжетімсіз дереккөздерге сілтемелер анықталды.

2025 жылғы 11 желтоқсан

Күні бойы (10:00–18:00) ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының диссертациялар залында жұмыс жалғастырылды. Көші-қон зерттеулері



бойынша материалдар, оның ішінде гендерлік талдауы бар жұмыстар жүйелендірілді. Кітапхана қорларында сақталған Ұлттық статистика бюросының статистикалық жинақтары ізделіп, деректерді жыныс және өңірлер бойынша бөлуге ерекше көңіл бөлінді.

2025 жылғы 12 желтоқсан

10:00–17:00 аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне іссапар жасалды. Мамандармен консультациялар өткізілді, сондай-ақ Қазақстандағы көші-қон процестерінің гендерлік аспектілері мен әйел мигранттардың бейімделуіне қатысты рұқсат етілген статистикалық және аналитикалық материалдар жиналды. Алынған деректер зерттеу жобасын әрі қарай жүзеге асыру аясында пайдаланылмақ.



18:00-де Астана қаласынан кету жүзеге асты.

Іссапар нәтижесінде Erasmus+ өкілдері мен көші-қон саласының сарапшыларымен кәсіби байланыстар кеңейтілді; әрі қарайғы талдау үшін өзекті эмпирикалық және статистикалық деректер алынды; Қазақстандағы көші-қонның гендерлік аспектілерінің ғылыми зерттелу деңгейі нақтыланды; AP26103509 жобасы бойынша жарияланымдар мен аналитикалық есептерде қолдануға арналған дереккөздер базасы құрылды.

Іссапар қойылған мақсаттарға қол жеткізді және зерттеу жобасын жүзеге асыруда практикалық әрі ғылыми мәнге ие болды.


ЕСЕП

жоба ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., доцент Әбеуова С.Т.-ның 02.12.2025–06.12.2025 аралығындағы АР26103509 «Қазақстандағы сыртқы көші-қон және мигранттардың бейімделуіндегі гендерлік аспект» жобасы бойынша іссапары туралы

02.12.2025–06.12.2025 аралығында жоба жетекшісі мен аға ғылыми қызметкері жоба бойынша Күнтізбелік жоспар бөлімдерін орындау мақсатында Астана қаласына іссапармен барды. Келесі жұмыстар атқарылды:



Қазақстан Республикасы
Ұлттық академиялық
кітапханасына бару.
Кітапхананың электрондық
каталогымен жұмыс жасау.



Негізгі сөздер бойынша библиографиялық тізім құрастыру. ҚР ҰАК диссертациялар залында жұмыс істеу. Соңғы 5–10 жыл ішінде Қазақстанда қорғалған (PhD, кандидаттық) диссертацияларды, көші-қон процестеріне қатысты социология, демография және экономика салалары бойынша зерттеу.

Астана қаласындағы Халықаралық көші-қон ұйымының (MOM / UN Migration) кеңсесіне бару (алдын ала келісім бойынша). Орталық Азиядағы көші-қон бойынша (гендерлік аспектке басымдық бере отырып) жаңа аналитикалық есептерді сұрату. Әйел-мигранттарды бейімдеу бойынша қазіргі бағдарламалар туралы сарапшылармен кеңес жүргізу. Буклеттер, әдістемелік құралдар немесе ішкі дерекқорға қолжетімділік алу.

“Қазақстан халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросы” ҮЕҰ-ына бару. Ұйым өкілімен сараптамалық сұхбат жүргізу. Тәжірибелік материалдарды (ішкі есептер, мигранттарға арналған буклеттер) алу.

